

Базарларды, жануарларды өндіру, дайындау (сою), жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарды бірдейлендіру Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 660 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2684. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 23 тамыздағы № 528 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.08.23 № 528 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 32 бабының 3 тармағына сәйкес, бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған базарларды, жануарларды өндіру, дайындау (сою), жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарды бірдейлендіру Ережесі бекітілсін.

2. Ветеринария департаменті, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармаларымен, Астана және Алматы қалалары, бірлесе отырып, заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) 2004 жылдың соңына дейін жұмыс жүргізіп жатқан базарлардың, жануарларды өндіру, дайындау (сою), жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдардың бірдейлендіру рәсімдемесі аяқталсын;

2) осы бұйрықтан туындайтын керекті шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жүргізу ветеринария департаментіне жүктелсін (Мыңжанов М.Т.).

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің м.а.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы Министрінің м.а.

25 желтоқсандағы 2003 жылғы N 660

"Базарларды, жануарларды өндіру, дайындау (сою), жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарды бірдейлендіру Ережесін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген

Жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, азықтарды және азықтық қоспаларды өндіруші, жануарларды дайындаушы (сою), сақтаушы, қайта өңдеуші және сатушы ұйымдарды, базарларды бірдейлендіру Ережесі 1. Жалпы тәртіптер

1. Жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, азықтарды және азықтық қоспаларды өндіруші, жануарларды дайындаушы (союшы), сақтаушы, қайта өңдеуші және сатушы ұйымдарды, базарларды бірдейлендірудің осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" заңының 32 бабы 2 және 3 тармағына сәйкес жасалған және жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, азықтарды және азықтық қоспаларды өндіруші, жануарларды дайындаушы (союшы), сақтаушы, қайта өңдеуші және сатушы ұйымдарды, базарларды бірдейлендірудің бірыңғай тәртібін анықтайды.

2. Жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, азықтарды және азықтық қоспаларды өндірумен, жануарларды дайындау (сою), сақтау, қайта өңдеу және сатумен айналысушы ұйымдарға (бұдан әрі - ұйымдар), базарларға (бұдан әрі - базарлар), жергілікті атқарушы органдарға және де тиісті әкімшілік аумақта мемлекеттік ветеринариялық қадағалауды жүргізетін қызмет тұлғалары үшін осы Ереженің талаптарын орындау міндетті болып табылады.

3. Осы Ережеде бірдейлендіру жолымен базарларға немесе ұйымдарға осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес анықталған үлгідегі растау беріліп, идентификациялық кодтарын және мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың тіркеу нөмірлерін тағайындау рәсімдемесі түсіндіріледі.

4. Идентификациялық кодтарды және мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың тіркеу нөмірлерді беру ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) тиісті растауды берумен рәсімделеді. Идентификациялық кодтарды және мемлекеттік ветеринариялық

қадағалаудың тіркеу нөмірлерді беру туралы растау иеліктен алынбайтын, басқа тұлғаларға қолдануға беруге рұқсат етілмейтін құжат болып табылады.

5. Осы Ереженің талаптарына сай бірдейлендіру рәсімдемесінен өтпеген ұйымдарға және базарларға, жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, азықтарды және азықтық қоспаларды өндірумен, жануарларды дайындау (сою), сақтау, қайта өңдеу және сатуға байланысты қызметті жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

6. Базарларды немесе ұйымдарды бірдейлендіру рәсімдемесі, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен, жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, азықтарды және азықтық қоспаларды өндірумен, жануарларды дайындау (сою), сақтау, қайта өңдеу және сатумен айналысушы мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілері иелерінің қаражаттары есебінен жүргізіледі.

2. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бірдейлендіру кодтарын және тіркеу нөмірлерін алуға арналған базарларды немесе ұйымдарды бірдейлендіру рәсімдемесін жүргізу

7. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бірдейлендіру кодтарын және тіркеу нөмірлерін алу үшін, базарлардың немесе ұйымдардың жетекшілері ауданның (қаланың) Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына өз бетімен үлгідегі тиісті өтініш береді.

8. Ауданның (қаланың) Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы немесе оның орынбасары арыз түскен күннен бастап 7 жұмыс күндері ішінде ветеринариялық - санитариялық тексеру жолымен, базардың немесе ұйымның қарамағындағы мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілерінің жағдайының ветеринария саласындағы заңдылықта анықталған ветеринариялық - санитариялық талаптарға сәйкестігіне тексеріс жүргізеді.

9. Тексерудің нәтижесі бойынша, базардың немесе ұйымның жетекшісінің (өкілдің) қатысуымен ауданның (қаланың) Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен немесе оның орынбасарымен екі данада тексеру актісі жазылады. Актінің бірінші данасы тіл хатқа қолы қойғызылып, базардың немесе ұйымның жетекшісінің (өкіліне) қолына тапсырылады, екінші данасы ауданның (қаланың) Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторында немесе оның орынбасарында қалады.

10. Тексеру актісі арнайы тіркеу журналында тіркеледі, тіркеу журналы нөмірленген, жіппен бақыланып желімденген және ауданның (қаланың) Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының мөрімен бекітілген болуға тиіс.

11. Базардың немесе ұйымның барлық мемлекеттік қадағалау объектілері ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келген жағдайда, ветеринариялық-санитариялық тексеру актісінің негізіне сүйене отырып, ауданның (қаланың) Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы немесе оның орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 15 қарашадағы N 372 "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 2087 тіркелген бұйрығына сәйкес берілетін, ветеринариялық-санитариялық қорытынды жазады.

12. Осы Ереженің 3 бөлімінде көрсетілген құжаттардың толық пакеті жиналғаннан кейін, базардың немесе ұйымның жетекшілері мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бірдейлендіру кодтарын немесе тіркеу нөмірлерін алу үшін, оларды уәкілетті органға жолдап жібереді.

13. Уәкілетті орган 10 жұмыс күндері ішінде тапсырылған құжаттардың пакетіне сараптама жүргізеді.

14. Құжаттардың толықтығы және дұрыс рәсімделгені анықталған жағдайда, базар немесе ұйым, осы Ереженің 2 қосымшасына сәйкес үлгідегі базарлар немесе ұйымдар туралы мәліметі бар уәкілетті органның жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, азықтарды және азықтық қоспаларды өндіруші, жануарларды дайындаушы (союшы), сақтаушы, қайта өңдеуші және сатушы ұйымдарды, базарларды бірдейлендіру Реестріне енгізіледі (бұдан әрі - Реестр) және мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бірдейлендіру коды және тіркеу нөмірлерінің тағайындалғанын анықтайтын растау беріледі.

15. Растаудың күші мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бірдейлендіру кодын және тіркеу нөмірін алған базарға немесе ұйымға жүреді. Растау жалғыз бір данада беріледі, жоғалтып алған жағдайда растаудың көшірмесіне "Дубликат" белгісі жазылып беріледі.

Растаудың бланкілері қалың қағаздан дайындалуы тиіс және суға тұрақты қорғанышы болуы керек.

16. Растау өзінің күшін базар немесе ұйым жойылған жайдайларда жоғалтады.

17. Жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды, ветеринариялық препараттарды, азықтарды және азықтық қоспаларды өндіруші, жануарларды дайындаушы (союшы), сақтаушы, қайта өңдеуші және сату бойынша өндірістік ғимараттарды және технологиялық процестерді реконструкция жасаған жағдайда ұйымдардың немесе базарлардың жетекшілері олардың ветеринария

саласындағы анықталған ветеринариялық-санитариялық талаптардың сәйкестігіне келісу үшін жазбаша түрде аудандық (қалалық) Бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторға қайырылады.

18. Базар немесе ұйымның жетекшілері, олардың атаулары, ұйымдастыру-құқықтық үлгілері және орналасқан жерлері өзгерген жағдайда, бір ай мерзімі ішінде уәкілетті органға көрсетілген мәліметтерді анықтайтын тиісті құжаттардың қосымшасымен бірге, растауды қайта жазып беру туралы өтініш бере алады.

19. Базардың немесе ұйымның жетекшілерінің өтініштері қабылданбаған жағдайда, уәкілетті орган өтініштің қанағаттандырылмау себебін көрсете отырып жазбаша үлгіде жауап қайтарады.

3. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бірдейлендірудің кодын және тіркеулік нөмірін алуға арналған қажетті құжаттардың тізімі

20. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бірдейлендірудің кодын және тіркеулік нөмірін алу үшін, базардың немесе ұйымның жетекшілерімен құзырлы органға келесі құжаттар тапсырылады:

1) мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бірдейлендірудің кодын және тіркеулік нөмірін алуға 3 қосымшаға сәйкес үлгідегі өтініші;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы нотариалды расталған к у ә л і к т і ñ к ө ш і р м е с і ;

3) қызметтің сәйкес түрін жүргізуге құқық беретін заңды тұлғаның нотариалды расталған жарлығының көшірмесі;

4) базардағы ветеринариялық-санитариялық сараптамалық лабораторияның (расталған лицензияның көшірмесі) немесе ұйымның өндірістік бақылау бөлімінің (осындай бөлімді құру туралы бұйрықтың көшірмесі, оның бұйрықпен бекітілген функционалдық міндеттері) қызмет жасауын растайтын материалдары ;

5) базардың немесе ұйымның басшыларымен бекітілген, базардағы немесе ұйымдағы өндірілетін, дайындалатын, сақталатын, қайта өңделетін және сатылатын мемлекеттік ветеринариялық қадағалауындағы жүктердің тізімі;

6) базардың немесе ұйымның мемлекеттік ветеринариялық қадағалауындағы объектілерінің ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі туралы, уәкілетті органның тиісті аудандық (қалалық) аумақтық басқармасының бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ветеринариялық-санитариялық қорытындысы.

4. Реестрді жүргізу тәртібі

21. Реестр уәкілетті органның құрылымдық бөлімінің жауапкершілікті тұлғасымен, оның қызметтік міндетіне сәйкес жүргізіледі және әрбір күнтізбелік жылға жасалады. Реестр Қазақстан Республикасы заңдылығымен анықталған мерзімнің аяқталуына дейін сақталынады.

22. Реестр келесі бөлімдерден тұрады:

1 Бөлім - Жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды және де бал ара шаруашылығы өнімдерін сататын азық-түлік базарлары (АБ).

2 Бөлім - Үй, ауыл шаруашылығы және жабайы жануарларын және құстарын с а т а т ы н б а з а р л а р (М Ө Б) .

3 Бөлім - Жануарларды және құстарды өндіруші, дайындаушы (союшы), сақтаушы, қайта өңдеуші және сатушы ұйымдар, оның ішінде, олардан алынатын өнімдер мен шикізаттар (МӨҰ) .

4 Бөлім - Жануарлардан алынатын өнімдерді және шикізаттарды сақтаушы, қайта өңдеуші және сатушы ұйымдар (ӨШҰ) .

5 Бөлім - Ветеринариялық препараттарды өндіруші, сақтаушы және сатушы ұ й ы м д а р (В П Ұ) .

6 бөлім - Азықтарды және азық қоспаларын өндіруші, сақтаушы және сатушы ұйымдар (ААҚҰ) .

23. Базарларға және ұйымдарға үш позициядан тұратын растау беріледі, оларға келесі белгілеулер енгізіледі:

1 - Қазақстан Республикасы (қысқаша - ҚР);

2 - Бірмезгілде тиісті базарлардың және ұйымдардың бірдейлендіру кодтарын білдіретін Реестр бөлімінің аталуы, қысқаша АБ, МӨБ, МӨҰ, ӨШҰ, ВПҰ, А А Қ Ұ ;

3 - Бірмезгілде мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың тіркеулік нөмірін білдіретін Реестрдің тиісті бөліміндегі базардың немесе ұйымның қатарлық нөмірі.

Базарларды, жануарларды өндіру,
дайындау (сою), жануарлардан
алынатын өнімдер мен шикізатты,
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөптік қоспаларды
сақтау, өңдеу және өткізу
жөніндегі ұйымдарды
бірдейлендіру Ережесіне

1 Қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі Бірдейлендіру кодын және мемлекеттік ветеринариялық

қадағалаудың тіркеу нөмірін беру туралы

Растау

Осы растау _____

(заңды тұлғаның толық аталуы)

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 660 бұйрығымен бекітілген "Базарларды, жануарларды өндіру, дайындау (сою), жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарды бірдейлендіру Ережесіне" сәйкес _____

(қызметтің түрі көрсетілсін)

(ҚР "Ветеринария туралы" Заңының 15 бабына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың объектілерінің аталуы көрсетілсін)

қызметті жүзеге асыруға берілді және 200__ж. "__" _____

_____ бірдейлендіру коды және мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың тіркеу нөмірі берілді.

Растау күшінің мерзімі 200__ж. "__" _____ дейін.

Жетекші _____

(қолы)

(Т.А.Ә.)

М.О.

Базарларды, жануарларды өндіру,
дайындау (сою), жануарлардан
алынатын өнімдер мен шикізатты,
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөптік қоспаларды
сақтау, өңдеу және өткізу
жөніндегі ұйымдарды
бірдейлендіру Ережесіне

2 Қосымша

**Базарларды, жануарларды өндіру, дайындау (сою),
жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты,**

		а т а л у ы					
		ж ә н е					
		м е к е н					
		ж а й ы					

1 2 3 4 5 6 7 8

3 Бөлім - Жануарларды, құстарды өндіру, дайындау (сою), сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдар, оның ішінде, олардан алынатын өнімдер мен шикізаттар (МӨҰ)

N	Арыздың	Заңды	Вете. Беріл. Растау. Тіркеу	куә. Тіркеу			
к/с	түскен	тұлғаның	рина. ген	дың жа. ләгін	алған растауды		
	күні	әділет	рия	күні	рамды	лауазымды	берген
	және	органда. сала. және	уақыт	тұлғаның	тұлғаның		
	кіріс	рындағы	сын.	растау мерзімі Т.А.Ә.		лауазымы,	
	журна.	тіркеу	дағы нөмірі				
	лындағы	туралы	қыз.			нөмірі)	қолы
	нөмірі	куәлігіне	мет.			және қолы	
		сәйкес	тің				
		толық	түрі				
		а т а л у ы					
		ж ә н е					
		м е к е н					
		ж а й ы					

1 2 3 4 5 6 7 8

4 Бөлім - Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдар (ӨШҰ)

N	Арыздың	Заңды	Вете. Беріл. Растау. Тіркеу	куә. Тіркеу			
к/с	түскен	тұлғаның	рина. ген	дың жа. ләгін	алған растауды		
	күні	әділет	рия	күні	рамды	лауазымды	берген
	және	органда. сала. және	уақыт	тұлғаның	тұлғаның		
	кіріс	рындағы	сын.	растау мерзімі Т.А.Ә.		лауазымы,	
	журна.	тіркеу	дағы нөмірі				
	лындағы	туралы	қыз.			нөмірі)	қолы
	нөмірі	куәлігіне	мет.			және қолы	

		с әй к е с	т і ң				
		т о л ы қ	т ү р і				
		а т а л у ы					
		ж ә н е					
		м е к е н					
		ж а й ы					
1	2	3	4	5	6	7	8

5 Бөлім - ветеринариялық препараттарды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдар (ВПҰ)

N	Арыздың	Заңды	Вете. Беріл. Растау. Тіркеу	куә. Тіркеу			
к/с	түскен тұлғаның рина. ген		дың жа. ләгін алған растауды				
	күні әділет рия күні рамды лауазымды берген						
	және органда. сала. және уақыт тұлғаның тұлғаның						
	кіріс рындағы сын. растау мерзімі Т.А.Ә.						
	журна. тіркеу дағы нөмірі						
	лындағы туралы қыз.						
	нөмірі куәлігіне мет.						
		с әй к е с	т і ң				
		т о л ы қ	т ү р і				
		а т а л у ы					
		ж ә н е					
		м е к е н					
		ж а й ы					
1	2	3	4	5	6	7	8

6 Бөлім - Жемшөп пен жемшөптік қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды бірдейлендіру (ААҚҰ)

N	Арыздың	Заңды	Вете. Беріл. Растау. Тіркеу	куә. Тіркеу			
к/с	түскен тұлғаның рина. ген		дың жа. ләгін алған растауды				
	күні әділет рия күні рамды лауазымды берген						
	және органда. сала. және уақыт тұлғаның тұлғаның						
	кіріс рындағы сын. растау мерзімі Т.А.Ә.						
	журна. тіркеу дағы нөмірі						
	лындағы туралы қыз.						
	нөмірі куәлігіне мет.						
		с әй к е с	т і ң				
		т о л ы қ	т ү р і				
		а т а л у ы					
		ж ә н е					
		м е к е н					
		ж а й ы					
1	2	3	4	5	6	7	8

	нөмірі	куәлігіне	мет.			және қолы	
		сәйкес	тің				
		толық	түрі				
		аталуы					
		және					
		мекен					
		жайы					
1	2	3	4	5	6	7	8

Базарларды, жануарларды өндіру,
дайындау (сою), жануарлардан
алынатын өнімдер мен шикізатты,
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөптік қоспаларды
сақтау, өңдеу және өткізу
жөніндегі ұйымдарды
бірдейлендіру Ережесіне
3 Қосымша

(уәкілетті органның толық аталуы)

(заңды тұлғаның толық аталуы)

ӨТІНІШ

(қызметтің түрі көрсетілсін)

жүзеге асыруға бірдейлендіру кодын және мемлекеттік ветеринариялық
қадағалаудың тіркеу нөмірін беруіңізді сұранамын.
Базар немесе ұйым туралы мәлімет:

1. Меншіктің түрі _____
2. Құрылған жылы _____
3. Тіркеу туралы куәлігі _____

(N, кім және қашан берілген)

4. Мекен-жайы _____
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің N, телефон, факс)
5. Есеп шоты _____

6. Филиалдары, өкілеттіктері _____
(мекен-жайы және реквизиттері)

7. Қоса беріліп отырған құжаттар:

Жетекші _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Мөрдiң орны

"__" _____ 200__ ж.

Арыз қаралуға қабылданды " __ " _____ 200__ ж.

(арызды қабылдаған уәкілетті органның жауапты тұлғасының
қолы, Т.А.Ә.)